

Теңіз портының міндетті түрде көрсететін қызметтерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 ақпандағы N 193 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы
№ 622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 77 бұйрығын қараңыз.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Теңіз портының міндетті түрде көрсететін қызметтерінің тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 24 ақпандағы
N 193 қаулысымен бекітілген

Теңіз портының міндетті түрде көрсететін қызметтерінің тізбесі

1. Теңіз портының күшімен және құралдарымен орындалатын тиеу-түсіру жұмыстары .

2. Кеменің теңіз портына, кейіннен порттан шыға отырып, жүк операцияларын жүргізуге және/немесе өзге де мақсаттарда кіруі үшін қызметтер (к е м е к і р і с і) :

- 1) корабельдік - кемеге теңіз портына кіруді және одан шығуды ұсыну;
- 2) маяктік - кеменің порт айдынына кіруі кезінде навигация және порт байланысы құралдарымен навигациялық қызметтер ұсыну;

- 3) арнамен өткен үшін - кемеңің айлаққа өтуі үшін арнаны ұсыну;
4) айлақтық - кемелерге айлақтарда жүктік және көмекші операциялар үшін т ұ р а қ т а р ұ с ы н у ;
5) зәкірлік - ішкі рейдте немесе рейдтік айлақта кеме тұрағын ұсыну;
6) арқандап байлау - кемеңің арқандап байлау ұштарын тарату, айлақтан жылжу, кемелерді көшіру және қайта арқандап байлау, тіркеп сүйрегіштер ж ұ м ы с ы ;
7) табиғат қорғау іс-шаралары саласында - портта тұрған уақытта болған ластанудың (балластық сулардан басқа) барлық түрлерін кемеден қандай да бір ш е к т е у с і з қ а б ы л д а у ;
8) карантиндік - санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің және қамтамасыз ету бойынша теңіз портының қызметтер көрсетуі;
карантиндік жұқпалы ауруларды және жұқпалы ауру таратушы болуы мүмкін адамдарды уақытша оқшаулау үшін үй-жай ұсыну;
теңіз порты аумағы мен объектілерін тиісті санитарлық жай-күйде ұстау;
көлік кемелерінде, порт объектілерінде санитарлық-эпидемиологиялық станциялардың күшімен кеміргіштер мен жәндіктерді алдын-ала жою.